

БК отырысында
Келісіді
19.12.2022 ж.
№ 5 Хаттама



Алматы қ. ДСБ ШЖҚ «Балалар қалалық
клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

1. Жалпы ережелер

1. Осы Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының (бұдан әрі – кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 10-бабына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімсіздікті қалыптастыру болып табылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт тапсырмалары:
 - 1) қызметтік міндеттерді жүзеге асыру кезінде кәсіпорын қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
 - 2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз зардаптарының алдын-алу.
 - 3) Кәсіпорын қызметінің нәтижелігін анықтау.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау бойынша мінез-құлық (іс-әрекет) қағидалары келесі жағдайларда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында құрылған:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;
 - 2) өз құзыре аясында басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;
 - 3) кәсіпорынмен қызмет көрсетілу және өзге де қызметтер;
 - 4) Кәсіпорын қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;
 - 5) Кәсіпорындағы кадр жұмысын ұйымдастыру;

- 6) Кәсіпорын қызметінде туындайтын өзге де қатынастар.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:
- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін жүзеге асыру және құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кәсіпорын қызметінде қолданылады.
 - 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт кәсіпорын қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.
6. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолданудың қоғамдық қатынастар саласы – Көлік саласы.

2. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында лауазымдық міндеттерін орындау бойынша Кәсіпорын қызметкерлерінің мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кәсіпорын қызметкерлері **міндетті**:
 - 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның және саланың уәкілетті органының шешімдерін, Кәсіпорынның бас директорының бұйрықтарын, сондай-ақ Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алуға;
 - 2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
 - 3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;
 - 4) өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін конструктивті сынды пайдалануға;
 - 5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдар мен өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
 - 6) шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратпауға;
 - 7) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
 - 8) кәсіпорында еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету.

9. Өз құзыреті аясында басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде кәсіпорын қызметкерлері міндетті:

- 1) тікелей немесе жоғары тұрған басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;
- 2) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
- 4) оларға белгілі болған сыбайлас жемқорлық деректері туралы, сондай-ақ материалдарды немесе әуре-сарсандарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа баяндау;
- 5) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлау;
- 6) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына кіріскен болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;
- 7) табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту;
- 8) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтардан пайда табу немесе алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де акпаратты пайдаланбау.

10. Кәсіпорынмен қызметтер және өзге де функцияларды көрсету кезінде кәсіпорын қызметкерлері міндетті:

- 1) тұрақты негізде қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;
- 2) пайдаланушыларға қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы акпаратты қолжетімді нысанда ұсыну;
- 3) көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты қызмет көрсету және өзге де функциялар барысында кез келген әуре-сарсаңға (бюрократияға) жол бермеуге;
- 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген жағдайда басшылыққа баяндау;
- 5) қызмет көрсету барысының тұрақты жетілдірілуін, қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз ету.

11. Кәсіпорын қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Кәсіпорын қызметкерлері міндетті:

- 1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 3) мемлекеттік сатып алу барысының ашықтығы мен шынайылығын қаматамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

12. Кәсіпорындағы кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде Кәсіпорын қызметкерлері міндетті:

- 1) кәсіпорынға жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
- 2) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтау;
- 3) кәсіпорын қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
- 4) жұмысқа келген кандидаттардан еңбек шартын жасауға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;
- 5) Кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты қызметтік тергеуді шынайы және жан-жақты жүргізу.

13. Кәсіпорын қызметіндегі туындайтын басқа да қарым-қатынастар кезінде Кәсіпорын қызметкерлері міндетті:

- 1) бағынышты қызметкерлердің қызметтік құзырының тапсырмалары мен көлемін нақты және анық етіп белгілеу;
- 2) бағынышындағы қызметкерлер арасындағы еңбек жүктемесін біркелкі емес етіп бөлуге жол бермеу;
- 3) олардың жұмыс нәтижелерін бағалпу кезінде, сондай-ақ тәртіптік және көтермелеу шараларын қолдану кезінде әділеттілік пен шынайылық таныту;
- 4) орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінің аясынан тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін бұйрықтар бермеуге;
- 5) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштылар қызметіне әсер ету үшін қызмет дәрежесін пайдаланбауға;

6) бағынышты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға мәжбүрlemeуге;

7) олармен өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында әріптестерде туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақтылы түбегейлі шаралар қолдану;

8) Кәсіпорын мүлігінің сақталуын қамтамасыз ету, Кәсіпорын мүлігін, оның ішінде автокөлік құралын қызметтік мақсатта тиімді және нәтижелі пайдалану.

2. Жауапкершілігі

14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кәсіпорын қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапты болады.

Комплаенс - офицер



Р. Мусақанова